Бекітемін:

«№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы»

МКҚК меңгерушісі:

Левченко И.Г

Консультациялық пункте ата-аналармен ойын

# Тақырыбы: «Танысқаныма қуаныштымын»

Тәрбиеші:Көбентаева Ұлжанат Әбдіғаниқызы

2024-2025 оқу жылы

**«Танысқаныма қуаныштымын»**

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту.

Балалардың мінез құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігін т. б. теренірек зерттеу.

Ата- ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Бала тәрбиесіндегі ата ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым қатынасты қалыптастыру;

**Жоспар:**

1. Кіріспе сөз
2. Тренинг: «Жылы сөз
3. Балабақшаның күн тәртібі
4. Баланың балабақшаға бейімделуі (баяндама оқу).
5. Ата- ана мен балаға байланысты ситуация шешу.

Құрметті ата- аналар! Сіздерді біздің балабақшада көргенімізге қуаныштымыз. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен балабақша. Болашақ десек те, келешек десе де бала ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы - дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті.

Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс-жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Олай болса біз сіздермен ең алдымен танысып алайық.

**Тренинг: «Жылы сөз» жүзінде**

Ата-аналар шеңбер құрып тұрады, бір-біріне жылы сөздерін айтады. Сіздермен танысқаныма қуаныштымын» деп жұмсақ ойыншықты көрші тұрған ата -анаға беріп, ор бір ата- ана жылы сөздерін айтып орындарына жайғасады. Баяндама оқылып, сұрақ-жауап алмасып, балабақшамен толық танысып тарқасады.